

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 132/627 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 31291 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларына енгізілетін қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының заң бөлімі осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы
Төрағасының міндеттін атқарушысы

K. Петров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Исполняющий обязанности
Председателя Центральной
избирательной комиссии
от 27 декабря 2022 года
№ 132/627 Қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір қаулыларына Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2014 жылғы 6 маусымдағы № 10/233 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-қосымша осы тізбеке 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сайлау құжаттарын сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2014 жылғы 17 шілдедегі № 11/236 қаулысында (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9686 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сайлау құжаттарын сақтау қағидаларында 1, 2, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында мынадай құжаттар сақталуға және кейіннен Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіне тапсырылуға тиіс:

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулылары, отырыстарының хаттамалары және оларға қосымшалар;

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты ұсыну туралы респубикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органды отырыстарының хаттамаларынан үзінділер;

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың мемлекеттік тілді еркін менгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссияның шешімдері;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін ұсыну туралы саяси партиялардың жоғары органдарының хаттамаларынан үзінділер;

облыстық (респубикалық маңызы бар қалалар және астана) сайлау комиссияларының Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау бойынша дауыстарды санау туралы хаттамалары және оларға қосымшалар;

облыстық (респубикалық маңызы бар қалалар және астана), округтік сайлау комиссияларының Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша дауыстарды санау туралы хаттамалары және оларға қосымшалар;

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына келіп түскен жеке және занды тұлғалардың өтініштері.

2. Аумақтық және округтік сайлау комиссиялары бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары туралы хабар жарияланғаннан кейін тиісті облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың және аудандардың мемлекеттік архивтеріне мынадай құжаттарды:

аумақтық, округтік сайлау комиссияларының хаттамаларын және оларға қосымшаларды;

облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалық, аудандық мәслихаттар сессияларының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы отырыстарының хаттамаларынан үзінділерді;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жөніндегі таңдаушылардың бірлескен отырысын өткізу хаттамаларын және оларға қосымшаларды;

бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ұсыну жөніндегі саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің хаттамасынан үзінді көшірмелерді, саяси партиялардың, құрылымдық бөлімшелердің (филиалы мен өкілдігінің) құрылымдық бөлімшесінің жарғысынан үзінді көшірмелерді;

мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін ұсыну туралы саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының хаттамасынан үзінді көшірмелерді;

мәслихаттар депутаттарын сайлау нәтижелері туралы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамаларын;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидатты (бұдан әрі – әкімдікке кандидат) ұсыну туралы саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының хаттамасынан үзінді көшірмелерді;

мәслихаттардың депутаттарын, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін (бұдан әрі - әкімдер) сайлау жөніндегі сактауға жатпайтын сайлау құжаттарын жоюға бөліп шығару туралы актілерді (бұдан әрі - акт) осы Қағидаларға қосымшага сай нысан бойынша;

жоғары тұрған әкімнің азаматты әкімдікке кандидат етіп ұсыну туралы ұсынысын;

аумақтық сайлау комиссияларының әкімдерді сайлау нәтижелері туралы хаттамаларын;

сайланған әкімді тіркеу туралы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының шешімдерін;

аумақтық сайлау комиссияларына келіп түскен жеке және занды тұлғалардың өтініштерін сактауға тапсырады;

округтік сайлау комиссияларының құжаттарын тиісті аумақтық сайлау комиссияларына беріледі.";

"6. Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді мөрленген күйінде, оның ішінде жекелеген жойылған бюллетеньдерді, жойылған есептен шығару күзілктерін, сондай-ақ сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімдері мен оларға қатысты құжаттарды облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және астана) сайлау

комиссиялары Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына тапсырады, онда құпия ақпарат құқығы негізінде сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі бір ай бойы сақталады, ал кейіннен жойылады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты қолдап қол қою параптары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатты қолдап таңдаушылардың қолдарын жинауға арналған қол қою параптары, әкім лауазымына кандидатты қолдауға арналған қол қою параптары Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына, әкімдеріне кандидат тіркелген күннен кейінгі он жұмыс күні бойы сақталады, ал кейіннен сайлау комиссиясы жояды.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің депутатын, мәслихат депутатын кері шақырып алу үшін азаматтардың қолдарын жинауға арналған қол қою параптары бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу бойынша дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданғаннан кейін он жұмыс күні бойы сақталады, содан кейін сайлау комиссиясы жояды.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің депутатын, мәслихат депутатын кері шақырып алу үшін азаматтардың қолдарын жинауға арналған сайлау комиссиясы жарамсыз деп таныған қол қою параптары жарамсыз деп тану туралы шешім қабылданғаннан кейін он жұмыс күні бойы сақталады, содан кейін жойылады. Бұл ретте кері шығарып алу бастамашысы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу үшін оған берілген қол қою параптарын кері қайтармаған жағдайда сайлау комиссиясы тиісті акт жасайды.

7. Мәслихаттардың депутаттарын, әкімдерді сайлау жөніндегі жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер мөрленген күйінде, соның ішінде жекелеген жойылған бюллетеньдер, сондай-ақ сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімдері мен оларға қатысты құжаттарды сайлау қорытындылары анықталып, жарияланғаннан кейін тиісті аумақтық сайлау комиссиялары жергілікті атқарушы органдарға аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері бойынша тапсырады, онда құпия ақпарат құқығы негізінде сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі бір ай бойы сақталады, ал кейіннен жойылады".

3. "Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың депутаттық қызметпен байланысты шектеулерді, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына байланысты, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына дайындау жөніндегі ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 22 маусымдағы № 40/137 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

пreambleда мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы туралы ереженің 15-тармағы 23) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІГІ**";

көрсетілген қаулымен бекітілген ереже осы Тізбеке 2-қосымшаға сәйкес редакцияда редакцияда жазылсын.

4. "Қазақстан Республикасы Президентін, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауы жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетендерінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/192 қаулысына:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президентін, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетендерінің нысанын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетендерінің нысандары бекітілсін:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің депутаттары;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің депутаттарын;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттары;
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын;
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес аудан, облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі.";

1, 2, 3, 4, 5-қосымшалар осы Тізбеке 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

осы Тізбеке 3-қосымшаға сай 6-қосымшамен толықтырылсын.

5. "Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/197 қаулысында (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17358 тіркелген):

Қағидаларда:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аумақтық сайлау комиссиясы- облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың), ауданның, қаланың, қаладағы ауданның сайлаушылар туралы мәліметтердің өзектілігі мен анықтығын, дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерінің уақтылы әрі дұрыс жасалуын және олардың барша жүргттың танысуы үшін ұсынылуын бақылайтын сайлау комиссиясы;"

3 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Президентті, Парламент Мажілісі мен мәслихаттардың депутаттарын, әкімді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде сайлаушылар тізімі жасалады.";

"12. Әрбір сайлау участкесі бойынша сайлаушылардың тізімдерін тиісті әкім дауыс беру басталардан жиырма күн бүрін акт бойынша участкелік сайлау комиссиясына – электрондық түрде және (немесе) қағаз жеткізгіште, аумақтық және округтік комиссияларға электрондық түрде ұсынады.".

6. "Кандидатура алып тасталған, кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күші жойылған, кандидаттарды, партиялық тізімдерді тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайларда сайлау бюллетенідеріне өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 19 қыркүйектегі № 16/209 қаулысында (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17404 тіркелген):

аталған қаулымен бекітілген Кандидатура алып тасталған, кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күші жойылған, кандидаттарды, партиялық тізімдерді тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайларда сайлау бюллетенідеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу қағидаларында:

3, 4, 5 және 6 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сайлау кезінде сайлау бюллетенідеріне олар әзірленгеннен кейін өзгерістер енгізу туралы шешімді:

1) Президентті, Парламент Мажілісінің депутаттары бойынша – Орталық сайлау комиссиясы;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің, мәслихаттарының депутаттарын – округтік сайлау комиссиясы;

3) Парламент Сенатының депутаттары бойынша – облыстық сайлау комиссиялары, республикалық маңызы бар қала және астана;

4) мәслихат депутаттарын – партиялық тізімдерді тіrkеген аумақтық сайлау комиссиялары;

5) аудандар, облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) сайлау комиссиясы қабылдайды.

Сайлау бюллетенідеріне өзгерістер енгізу туралы шешім жоғары тұрған сайлау комиссиясына жіберіледі.

4. Егер Конституциялық Занда белгіленген тәртіппен кандидат өз кандидатурасын алғып тастаса немесе республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жойса немесе Орталық сайлау комиссиясы кандидатты тіркеудің күшін жою туралы шешім қабылдаса, Президент сайлауы бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінен кандидаттың тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) алғып тасталады.

5. Егер Конституциялық Занда белгіленген тәртіппен кандидат өз кандидатурасын алғып тастаса немесе кандидатты ұсынған мәслихат (мәслихаттар) кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жойса не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың сайлау комиссиясы кандидатты тіркеудің күшін жою туралы шешім қабылдаса, Парламент Сенатының депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінен кандидаттың тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) алғып тасталады.

6. Егер Конституциялық Занда белгіленген тәртіппен Орталық сайлау комиссиясы партиялық тізімді тіркеудің күшін жою туралы шешім қабылдаса, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінен саяси партияның атауы алғып тасталады.";

мынадай мазмұндағы 6-1 және 7-1-тар мақтармен толықтырылсын:

"6-1. Егер Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тиісті аумақтық сайлау комиссиясы партиялық тізімді тіркеу туралы шешімінің күшін жою туралы шешім қабылдаса, партиялық тізім бойынша сайланатын облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаты депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінен саяси партия атауы алғып тасталады.";

"7-1. Егер Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен кандидат өз кандидатурасын алғып тастаса немесе кандидатты ұсынған қоғамдық бірлестік кандидатты ұсыну туралы шешімінің күшін жойса не тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидатты тіркеу туралы шешімінің күшін жою туралы шешім қабылдаса,

бірмандаттық округ жөніндегі мәслихат депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінен кандидаттың тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілген болса) алып тасталады.";

8 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Егер Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әкімдікке кандидат өз кандидатурасын алып тастаса немесе саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы, кандидатты ұсынған жоғары тұрган әкім кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің құшін жойса, не аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) сайлау комиссиясы кандидатты тіркеудің құшін жою туралы шешім қабылдаса, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінен кандидаттың тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілген болса) алып тастау жүргізіледі.";

"10. Осы қағидалардың 3-тармағында көрсетілген шешімді қабылдау кезінде участекелік сайлау комиссиясының мүшелері көк түсті сиялы шарикті қаламмен саяси партияның атауын немесе кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілген болса) және олардың оң жағында орналаскан шаршыны сыйып тастанды және сыйып тасталған саяси партия атауының не кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілген болса) және шаршының оң жағына өз қолын, тегін және аты-жөнінің бірінші әріптерін кояды. Сызу сыйықтары (сызығы) тік болуы керек және саяси партия не кандидат туралы деректердің әр жолының бойымен және шаршы арқылы жүргізілуі тиіс.

Сайлау бюллетендеріне өзгерістер дауыс беру күнінен кешіктірмей енгізіледі".

7. "Сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 21/323 қаулысында (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21198 тіркелген) 1, 2 және 3-қосымшалар осы Тізбеке 4-қосымшаға сәйкес редакцияға жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейір қаулыларына

Тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2014 жылғы 6 маусымдағы
№ 10/233 қаулысына
3-қосымша
Нысан

Казақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутатын сайлау жөніндегі САЙЛАУ
БҮЛЛЕТЕНІ 20__ жылғы _____ (сайлау күні) ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ

БЮЛЛЕТЕНЬ по выборам депутата Сената Парламента Республики Казахстан _____
_____ 20__ года (дата выборов)

Озінің жақтап дауыс беретін кандидаттың тегінің оң жағындағы бос шаршыға не
"Бәріне қарсымын" деген жолдың оң жағындағы шаршыға кез келген белгі қойыныз

Поставьте любую отметку в пустом квадрате справа от фамилий кандидата, за
которого

Вы голосуете, либо в квадрате справа от строки "Против всех"

"Жақтап" дауыс беремін Голосую "За"

Тегі, аты, экесінің аты (болған кезде)

Фамилия, имя, отчество (при наличии)

Тегі, аты, экесінің аты (болған кезде)

Фамилия, имя, отчество (при наличии)

Тегі, аты, экесінің аты (болған кезде)

Фамилия, имя, отчество (при наличии)

Тегі, аты, экесінің аты (болған кезде)

Фамилия, имя, отчество (при наличии)

Бәріне қарсымын

Против всех _____

Ескертпе: Бюллетень берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды. Мынадай
бюллетень: белгіленбеген ұлғідегі; тиісті сайлау комиссиясы мүшесінің қолы
қойылмаған; бір кандидаттан артық белгіленген; белгі қарындашпен қойылған, түзету
немесе өзге де бұрмалау іздері бар, сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау
мүмкін емес бюллетень жарамсыз деп танылады.

Примечание: Член комиссии, выдавший бюллетень, ставит в нем свою подпись. Недействительным признается бюллетень: неустановленного образца; в котором отсутствует подпись члена соответствующей избирательной комиссии; в котором отмечено более одного кандидата; в котором отметка проставлена карандашом, носит следы подчистки или иного способа подделки, а также в котором невозможно определить волеизъявление избирателя.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір қаулыларына

Тізбесіне
2-косымша
Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2016 жылғы 22 маусымдағы
№ 40/137 қаулысымен
бекітілген

Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың депутаттық қызметпен байланысты шектеулерді, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына байланысты, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына дайындау жөніндегі ережені бекіту туралы

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың депутаттық қызметпен байланысты шектеулерді, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына байланысты, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына дайындау жөніндегі ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция) 52-бабы 6-тармағын, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 33-бабы 4-тармағын, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ереженің 15-тармағы 23) тармақшасын іске асыру мақсатында бекітілді.

2. Ереже Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының (бұдан әрі – Орталық сайлау комиссиясы) депутаттарға Конституцияның 52-бабы 2-тармағының талаптарын бұзғаны үшін жазалау шараларын қолдануға, олардың депутаттық қызметпен байланысты шектеулерді, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және депутатқа ешкімнің

тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы Парламентінің (бұдан әрі – Парламент) қарауына дайындаудын регламенттейді.

2-тарау. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға байланысты мәселелерді қарау

3. Депутаттардың Парламент, Парламент Палаталары мен олардың органдары отырыстарына келуін, сондай-ақ депутаттың өз даусын басқа біреуге беруіне жол бермеуін бақылау:

- 1) Орталық сайлау комиссиясы мүшесінің Парламент, оның Палаталары мен олардың органдары отырыстарына бару барысында Конституциялық заңын 8-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, жүзеге асыратынын тексеруі;
- 2) Палаталардың отырыстарына қатысып отырған депутаттарды тіркеу туралы ақпаратты сұрату;
- 3) Парламент органдары отырыстарының жұмысына депутаттардың қатысуы туралы хаттамалардың көшірмелерін сұрату;
- 4) персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) депутаттарға уақытша еңбекке қабілетсіздік параптарын бергені, депутаттардың демалыста немесе іссапарда болғаны туралы мәліметтерді сұрату нысанында жүзеге асырылады.

4. Орталық сайлау комиссиясының мүшелері депутаттардың Парламент, оның Палаталары мен олардың органдарының отырыстарына келуі туралы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасына ақпарат беріп отырады.

5. Депутаттың Парламент Палаталарының отырыстарына бір сессия ішінде дәлелді себептерсіз үш реттен артық, Парламент Палаталары мен олардың органдарының бірлескен отырыстарына бір айдан аса қатыспауы, дауыс беру құқығын басқаға беруі аталған мәселелерді Орталық сайлау комиссиясының отырысында қарау үшін негіздер болып табылады.

6. Атаптап бұзушылықтар расталған жағдайда, қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Парламенттің тиісті Палатасына жіберілетін, депутатқа Конституциялық заңын 33-бабында белгіленген жазалау шараларын қолдану туралы ұсыным дайындалады.

3-тарау. Депутаттың қызметпен байланысты шектеулерді сақтау туралы мәселелерді қарау

7. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуына қатысты шектеуді сақтауын бақылауды "Сайлау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі деректерді тексеру арқылы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі жүзеге асырады.

8. Парламент депутатының оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаратыны, оның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратыны, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы

кеңесінің құрамында екені туралы ақпарат келіп түскен кезде Орталық сайлау комиссиясы қаралатын мәселемен тікелей байланысты тұлғаларды шақыра отырып, Орталық сайлау комиссиясының отырысында қаралатын, мәселеге қатысты құжаттар мен өзге ақпаратты талап ете отырып, мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, лауазымды тұлғаларға жүгінеді.

9. Конституцияның 52-бабы 3-тармағында белгіленген шектеулерді Парламент депутатының сақтамау фактілері расталған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы Парламенттің тиісті Палатасына қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде депутаттың өкілеттігін тоқтату туралы ұсыным енгізеді.

4-тaraу. Парламент депутаттарының депутаттық әдеп ережелерін сақтауына байланысты мәселелерді қарау

10. Тиісті Палата немесе Палата Бюросы Төрағасының жазбаша өтініші Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентімен, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының регламенттерімен белгіленген депутаттық әдеп ережелерін Парламент депутаттарының бұзғаны туралы мәселелерді Орталық сайлау комиссиясының қарауына дайындау негізdemесі болып табылады.

11. Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутаттарының депутаттық әдеп ережелерін бұзыуна себепші болған нақты жағдаяттарды тексереді.

Тексеру кезінде Парламент, оның Палаталары отырыстарының стенограммалары, Парламент органдары отырыстарының хаттамалары, уәкілетті органдардың деректері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар және өзге материалдар пайдаланылуы мүмкін.

12. Тексеру тиісті Палата немесе Палата Бюросы Төрағасының жазбаша өтінішін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

13. Парламент депутаттарының депутаттық әдеп ережелерін сақтауымен байланысты мәселелер Орталық сайлау комиссиясының отырысында қаралады.

14. Парламент депутатының депутаттық әдеп ережелерін бұзған фактілері расталған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы ұсыным дайындайды және оған қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оны Парламенттің тиісті Палатасы Төрағасының қарауына енгізеді.

15. Аталған фактілер расталмаған жағдайда, қорытынды дайындалады және оған қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Парламенттің тиісті Палатасы немесе Палата Бюросы Төрағасының қарауына енгізіледі.

